

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

Баланың аты –жөні: Махабат Хусейн

Туған жылы: 03.06.2021 жыл

Топ: «Ертөстік»

Мақсаты: Баланың психикалық дамуын анықтау, танымдық процестерінің, сөйлеу тілінің, эмоциялық-ерік аймағының және әлеуметтік қарым-қатынасының даму динамикасын бағалау.

№	Қолданылған әдістемелер	Нәтижелер
1	<p>Зейін мен қабылдау Мақсаты:Зейіннің тұрақтылығын, қабылдау дәлдігін және салыстыру қабілетін анықтау. Тапсырмалар: -«Айырмашылығын тап» (екі суреттен 3–5 айырмашылықты табу) -«Көлеңкесін тап» -«Суретті құрастыр» 3–4 бөліктен тұратын пазл) -«Түстер бойынша сұрыпта»</p>	<p>Айырмашылықты тапты, бірақ толықтай емес, шатасты. Барлық тапсырманың көлеңкесін тапты. Суретті құрастырды, арасында шатасты. Түстері бойынша сұрыптап шықты. Түстерді атауында шатасты.</p>
2	<p>Ойлау және есте сақтау Мақсаты:Логикалық ойлауын, есте сақтауын және себеп-салдар байланысын анықтау. Тапсырмалар: -«Төртінші артық» -«Не алдымен, не кейін?» (реттік суреттер) -«Есте сақта және ата» (4–6 заттың суреті) -«Жануар мен төлін сәйкестендір» -«Бір сөзбен ата» (алма, алмұрт, банан – жемістер)</p>	<p>Артық затты табар кезде алғашында шатасты. Қайта ойлануды өтінгеннен кейін тапты. 6 суреттен 3 суретті тапты. Жануарларды төлдерімен толық сәкестендірді. Барлық суреттерді бір сөзбен атауда шатасты.</p>
3	<p>Сөйлеу дамуы Мақсаты:Сөздік қорын, сөйлем құрауын және байланыстырып сөйлеуін анықтау. Тапсырмалар: -«Кім не істеп жатыр?» -«Затты сипатта» -«Қарама-қарсы сөздерді ата» (үлкен–кіші, ұзын–қысқа) -«Бұл не үшін керек?» (қасық, тарак, доп)</p>	<p>Тілдің анық болмағандығына қарамастан ,түсіндіруге тырысты. Сипаттады толық сөзбен емес, қысқа сипаттады. Сұрақтар бойынша үлкен-кішіні көрсетті. Не үшін керек екенін түсіндіріп берді.</p>
4	<p>Ұсақ моторика және ерік-эмоциялық даму Мақсаты:Қол қимылдарының үйлесімділігін, эмоцияларды тануын және өзін-өзі реттеу дағдыларын анықтау. Тапсырмалар: -Моншак тізу -Ермексаздан пішін жасау -Саусақ ойындары</p>	<p>Моншақтарды тізіп бере алды. Пішіндер жасай алады, психолог көмек арқылы. Саусақ ойындарында шатасады және Тапсырмаларды тез істеуге асығыстық</p>

<p>-«Смайлик таңда» -«Қуандым, ренжідім, таңғалдым» эмоцияларын ажырату -«Айнадағы көңіл-күй»</p>	<p>танытады. Ажырата алады. Айнадағы көңіл күйді түсіндіре алды.</p>
--	---

Даму деңгейі

Зейін мен қабылдау: Хусейн тапсырмаларға қызығушылық танытады. Зейінінің тұрақтылығы орташа деңгейде. Көрнекі қабылдауы жеткілікті дамыған: көлеңкелерді дұрыс сәйкестендіріп, түстер бойынша сұрыптай алды. Айырмашылықтарды табу және сурет құрастыру кезінде кейбір қиындықтар байқалды, бұл салыстыру және талдау дағдыларының әлі де жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді. Түстерді ажыратқанымен, атауда қателеседі.

Ойлау және есте сақтау: Логикалық ойлау дағдылары қалыптасу үстінде. Қосымша бағыттау арқылы артық затты анықтай алды. Қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті орташа деңгейде, 6 суреттің 3-еуін есте сақтап атады.

Жануарлар мен төлдерін дұрыс сәйкестендірді. Жалпылау және топтастыру дағдыларында қиындықтар байқалады, заттарды бір сөзбен атауда шатасты.

Сөйлеу дамуы: Сөйлеу белсенділігі бар, тапсырмаларды орындауға талпынады. Сөздік қоры жеткілікті болғанымен, өз ойын толық әрі нақты жеткізуде қиындықтар кездеседі. Заттарды қысқаша сипаттайды. Қарама-қарсы ұғымдарды түсінеді және тұрмыстық заттардың қызметін дұрыс түсіндіреді. Дыбыстау мен сөйлеу анықтығын жетілдіру қажет.

Ұсақ моторика және ерік-эмоциялық даму: Ұсақ моторикасы орташа деңгейде дамыған. Моншақ тізу тапсырмасын өз бетінше орындады. Ермексазбен жұмыс кезінде ересек адамның көмегін қажет етті. Саусақ ойындарында шатасады және тапсырмаларды орындауда асығыстық танытады. Эмоцияларды ажырата алады, өз көңіл-күйін түсіндіріп бере алады. Эмоциялық дамуы жас ерекшелігіне сай.

Қорытынды

Хусейннің танымдық және эмоциялық-ерік саласының дамуы жалпы алғанда жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Кейбір бағыттар бойынша (зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау, жалпылау, байланыстырып сөйлеу және ұсақ моторика) қосымша дамыту жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Ұсыныстар

-Зейін мен қабылдауды дамытуға арналған «Айырмашылығын тап», пазл, мозайка ойындарын жүйелі ұйымдастыру.

-Есте сақтау қабілетін дамыту үшін суреттерді, сөздерді және заттарды есте сақтауға арналған ойындарды қолдану.

-Жалпылау және логикалық ойлау дыдамыту мақсатында «Төртінші артық», «Бір сөзбен ата», «Не алдымен, не кейін?» тапсырмаларын жиі орындау.

-Сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін сурет бойынша әңгіме құрату, ертегі оқып беру және мазмұнын айтқызу.

-Дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру мақсатында артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жүргізу.

- Ұсақ моториканы дамыту үшін ермексазбен жұмыс, саусақ жаттығулары, моншақ тізу, сурет салу және қиып-жапсыру жұмыстарын көбейту.
- Тапсырмаларды асықпай, соңына дейін орындауға дағдыландыру және нәтижесіне назар аудартуды қалыптастыру.
- Эмоцияларды тану және білдіру дағдыларын дамытуға арналған рөлдік ойындарды жалғастыру.

Зерттелген күні: 28. 04. 2026жыл.

Педагог-психолог Каменова Жанар Забинулловна